

Еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының бірі – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті 2013-2014 оқу жылын қомақты табыстармен аяқтады. Өткен күзде ғана 70 жылдық мерейтойын жоғары дәрежеде атап өткен университет Германияның тәуелсіз "АСИИН" агенттігінде бакалавриаттың 8 және магистратураның 6 мамандығы бойынша аккредиттеу мен реаккредиттеуден өтті. Сондай-ақ, сапаны қамтамасыз ету бойынша Қазақстанның тәуелсіз агенттігінде 2013 жылы — институционалдық, ал 2014 жылы магистратураның 40 және PhD докторантураның 7 мамандығы бойынша мамандандырылған аккредиттеуден сүрінбей өтіп, зор қуанышқа кенелді.



Жетекші жоғары оқу орны —

сапалы білім кепілі



Бұл дегеніміз — шетелдік және қазақстандық тәуелсіз агенттіктердің қарашанырақтағы білім беру сапасының жоғары екенін мойындағаны. Тағы бір жетістігіміз — 2013 жылы университет "Қазақстан көшбасшысы — 2013" ұлттық сертификатына қол жеткізді. Сондай-ақ, Ұлттық бизнес-рейтинг бойынша "Қазақстан көшбасшысы — 2013" медалі түріндегі қабырғалық белгіге ие болды.

Білім ордасы Қазақстан жоғары оқу орындары арасында Ұлттық рейтинг бойынша 3-орынды иеленсе, халықаралық QS рейтингі бойынша әлемдік 600 жетекші университеттердің қатарына енді.

Жетекші оқу орнында ғылыми жобалардың саны артуда. Бытырғы жылмен салыстырғанда қаржыландырылатын ғылыми жобалардың көлемі 40%-ға өсіп, оның сомасы 750 млн. теңгені құрап отыр. Импакт-факторлы шетелдік басылымдарда жарық көрген ғылыми мақалалар саны 2 есеге өсіп, 200-ден асып отыр. Ғылыми ізденіс жолындағы оқытушылардың қаламынан туған 40 оқулық, 250-ден астам оқу құралы, 340-тан астам дәріс жинақтары баспадан жарық көріп, сапалы мамандар даярлауда студенттер игілігіне пайдалануда. 2014 жылы бітірген 2910 түлектің 440-тан астамы "Үздік диплом" иегері атануы — университеттің білім беру сапасының жоғары екендігін көрсетсе керек.

Бүгінде әлемдік деңгейдегі «Назарбаев университеті» үлгісінде 3 факультет, яғни химия-технология, жеңіл және тамақ өндірістері, ақпараттық технологиялар факультеттері негізінде 4 жоғары мектеп құру бойынша қазір ұйымдастыру дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жоғары мектептер бірқатар автономиялық құзыреттіліктерге және еркіндіктерге ие болады. Білім беру бағдарламалары тұтынушылардың талаптарына сай түзіледі. Шетелдік, еуропалық және азиялық өріптес жоғары оқу орындарымен іске асырылатын қос дипломдық білім беру бағдарламаларының санын арттыру қолға алынып отыр. "АСИИН" агенттігінде аккредиттеуден өткендігін көптеген шетел университеттері ынтымақтастық орнатуға қызығушылық білдіруде. Сыртқы (шетелдік) академиялық ұтқырлық бойынша білім алушылар контингентін көбейту мақсатында, республикалық бюджеттік қаржыландырудан тыс, университет өз қаражатын жұмсау әдісін тиімді санайды.

«Үдемелі индустриалды-инновациялық даму үшін кадрлар даярлау» бағдарламасының 2015-2017 жылдарына химиялық, тоқыма және аграрлық кластерлер бойынша мамандар даярлауға материалды-техникалық базаны нығайту, лабораториялар ашу және басымды бағыттар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу үшін 6 млрд. теңгеден астам қара-

жат республикалық бюджеттен қарастырылып жоспарлануда. Бұл қаржы жаңа өндіріс орындарын ашуға да жұмсалуды мүмкін және білім беру сапасын арттыруға шынайы серпін берері анық.

Сонымен бірге жоғары білімді мамандар даярлаудың мемлекеттік тапсырысында кейбір мамандықтарға да басымдықтар беріледі деп күтілуде.

Қазіргі таңда 2015-2019 жылдарға арналған "Үдемелі индустриалды-инновациялық даму" мемлекеттік бағдарламасының жалғасы жасалып жатқаны белгілі. Бұл экономиканы индустриаландырудың екінші бесжылдығы болмақ. Кадрлар даярлау осы бағдарламаны іске асыруды қамтамасыз етуге арналуы тиіс. Сондықтан машина жасау, құрылыс, мұнай-газ өндіру және оны толық өңдеу, минералды шикізаттарды өңдеу мен техногенді қалдықтарды қайта өңдеу өнеркәсіптік өндірістері, ауылшаруашылық өнімдер өндірісі және оларды қайта өңдеу, жеңіл, тоқыма және тамақ өндірістері, ақпараттық технологиялар мен құрылғылар жасау бағыттарына мамандар даярлау басымдыққа ие болып қала бермек.

Қазіргі кезде ақпараттық технологиялар, құрылыс пен құрылыс материалдары, химиялық өндірістер, мұнай-газ өндіру мен оны өңдеу, тамақ өндірісі, жеңіл және тоқыма өндірістері технологиялары, ауыл шаруашы-

лығы бағыттары мамандықтарына сұраныс жоғары. Ақпараттық технологиялар, биотехнология және ветеринарлық медицина мамандықтарын талапкерлер көп таңдайды. Бұл мамандықтар бойынша бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі де жоғары.

Колледждерді бітірген түлектердің жоғары оқу орнына түсуге ынталы екені белгілі. Осыған орай, біріншіден, колледжді бітіргендерге жоғары оқу орнында оқу мерзімі қысқартылған форма бойынша білім алу мүмкіндігі қарастырылған. Екі жылдан бері колледж бітіргендер үшін қысқартылған форма бойынша бөлек мемлекеттік тапсырыс - гранттар бөлінген. Конкурсқа қатысу үшін олар кешендік тест тапсырады. 50-ден жоғары балл жинағандардың конкурсына қатысып, мемлекеттік білім беру гранттарын ұтып алуға мүмкіндіктері жоғары. Ол гранттар білім беру, техникалық ғылымдар және технологиялар, ауылшаруашылық ғылымдары мен қызмет көрсету бағыттары мамандықтарына бөлінген бірқатар мамандықтар бойынша гранттар саны 70-ке дейін берілген.

Ендеше, жас талапкерлер, олардың ата-аналары қажетті мамандық және жоғары білім алатын оқу орнын таңдауға келгенде мынаны ескергені жөн.

Бүгінде талапкерлердің басым көпшілігі — мемлекеттік білім беру грантынан үміткерлер. Төртінші бейінді пені бойынша білім алуға болатын мамандықтары да белгілі. Ендігі мақсат сертификаттағы балды тиімді пайдалану.

Өздеріңізге мәлім, әрбір талапкер белгілі бейінді пенімен мемлекеттік білім беру гранттары-

ның конкурсына 4 мамандық бойынша қатыса алады. Мәселе осы 4 мамандықты ретімен дұрыс таңдай білуде жатыр. Талапкер таңдау жасаған кезде ҰБТ-да жинаған балын, бұрынғы жылдарды грантка өту балдары қанша болғанын және ағымдағы жылы конкурсына қанша талапкер құжат тапсырғанын ескеруі қажет. Бұл мәселені шешуде талапкерлерге және ата-аналарға қабылдау комиссиясының қызметкерлері талдау жасап, толыққанды нақты кеңестер бере алады. Қабылдау комиссиясының кеңестерін тыңдап, шешім қабылдау тиімді болады деп ойлаймын.

ОҚМУ барлық бағыттарда 86 мамандық бойынша бакалавр мамандар даярлайды. Бакалавр академиялық дәрежесін алғандар 55 мамандық бойынша магистратурада және 12 PhD докторантурада білімін жалғастыра алады. Бұл орайда аккредиттеуден өткен, сапалы білім беретін, еуробакалавр сертификатын және ЮНЕСКО-ның дипломын беретін, инновациялық жоғары оқу орны ОҚМУ-ды таңдаған азамат ешқашан қателеспейді.

Сондықтан да университетте ата-аналар мен талапкерлер үшін қаржылық және әлеуметтік тұрмыс жағдайы бойынша аса тиімді мүмкіндіктер жасалған. Айталық, бұл үшін оқу орнындағы 18 оқу корпусы, 15 спорттық кешен, 2 жүзу бассейні, 2,5 млн. кітап қоры бар кітапхана, заманауи инфроқұрылымдар, заманауи приборлармен жабдықталған лабораториялар, «Машат» тау шатқалындағы демалыс зонасы, технопарк, студенттік бизнес - инкубатор, қоғамдық кәсіптер факультеті және т.б. қатқалсыз қызмет көрсетеді.

Құрметті жас талапкерлер! Сапалы білімнің кепілі, қос диплом, запастағы офицер шенін алу, қосымша қоғамдық кәсіпке ие болу мүмкіндіктері жоғары — М.Әуезов атындағы ОҚМУ-ға білім алуға шақырамыз.

Дархан САБЫРХАНОВ,
т.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ оқу-әдістемелік жұмыстары бойынша проректоры.